**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының аумағында 2015 жылғы қаңтар-наурыз аралығында Қазақстан Республикасының ер азаматтарын тіркеуді және медициналық куәландыру ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 25 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда N 3018 болып тіркелді

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16 бабына, «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімі **ШЕШТІ**:

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім» республикалық мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақырту учаскесіне 2015 жылғы қаңтар-наурыз аралығында тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын тіркеуді, медициналық куәландыру ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары М.М. Жұмабаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудан әкімі* | *Б. Жұмабеков* |
| *КЕЛІСІЛДІ* | |
| *Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі РММ Солтүстік Қазақстан облысы «Қызылжар ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім» республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы* | *Н.Ә. Әубәкіров* |
| *27 қараша 2014 жыл* | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК